

*С.С. Бекешов**¹

¹*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, МОК. Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы.
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: bekeshov_sarsen@mail.ru*

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ АҒАШ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОЙМЫШТАУ ӨНЕРІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақ халқының ағаш өңдеу және ағаш ою өнері халқымыздың заттық және рухани мәдениеті қарастырылады. Археологтар Қазақстанның көне жерлеу орындарын қазу кезінде сол кездегі түрлі шаруашылық бұйымдармен қатар қоныстардан тас, темір, қола, ағаштан жасалған сәндік бұйымдарды кездестірген. Қазақстан территориясында VI ғасырлар жататын қалалар туралы мәліметтер келтіреді. Зерттеушілердің пайымдауынша қалалардың орналасу әр келкі, белгілі бір тәртіп сақталмаған.

Зерттеу барысында қарастырып отырған кезеңде ағаштан құрастырылған жерлеу орындары, ағаштан ұқсатылған бізге беймәлім жыртқыштардың сұлбалары табылған. Бешатыр, Есік, Пазырык қорғандары-нан сырты жұқа алтын қабыршақпен көмкерілген бұйымдар.

Қазақстандағы музейлердегі зерттеуші-суретші ретінде қарастырып, осы күнге дейінгі сақталған ағаш бұйымдардың ұқсатылған, оймышталған, ою-өрнектердің орналасуы сараланады.

Археологтардың зерттеу нәтижесінде – тұрғын үйлер, қорым, жерлеу ғұрыптарна байланысты бұйымдар, тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ, шарушылыққа қатысты бұйымдар да негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Зерттеу нысандары болып музей, кейбір тұрғындардың қолында бар бұйымдардың қазіргі таңда сақталуы, қолдану аясы сөз болмақ.

Қазба кезінде табылған ежелгі бұйымдардың атауы, қолдану аясы, шеберлердің құрал-жабдықтары қарастырылады. Ағаштан ұқсатылған ғұрыптық бұйымдардың сол дәуірде өмір сүрген адамдардың діни наным-сені қарастырылады.

Мысалға алатын болсақ ағаш бұйымдардағы таңба, қашалып салынған суреттер, тұрмыстық композиция көп нәрсені байқауға болады, бояу түстері кездейсоқтық емес. Осы қарастырып отырған мәселе оймыштау өнерін зерттеу тарихын талдау және олардың зерттелу дәрежесін бағалау, түсіну, ескі жәдігерлерді қалпына келтіру, әрі зерттеудің негізгі мәселелері мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада ою-өрнектің орналасуы, бояу түстері, оймыштау өнері тұтас, қазақтың заттық мәдениетін барынша ауқымды қарастыру.

Кілт сөздер: оймыштау өнері, қорым, таңба, қашау, композиция, жәдігер.

*S.S. Bekeshov**¹

¹*Candidate of historical sciences, docent, IEC. Kazakh head architectural and constructional academy,
Almaty city, Kazakhstan. E-mail: bekeshov_sarsen@mail.ru*

THE NOMADS' PREFACE TO THE ART OF WOODWORKING AND ENGRAVING

Abstract

This article discusses the material and spiritual culture of the Kazakh people, the art of woodworking and wood carving. Archaeologists during the excavations of ancient burials of Kazakhstan, along with various household products of that time, found decorative products made of stone, iron, bronze, wood in settlements. Provides information about cities dating back to the VI centuries on the territory of Kazakhstan. Researchers believe that the location of cities does not always correspond to a certain order.

During the study, wooden burials were discovered, silhouettes of unknown predators resembling wooden ones. Products from the mounds of Beshatyr, Esik, Pazyryk are covered with thin golden scales on the outside.

Considering him as an artist-researcher in the museums of Kazakhstan, the location of the wooden products preserved to this day with imitation, engraving, ornament is differentiated.

As a result of archaeologists' research, dwellings, necropolis, funeral rites, household items, dishes, household items are also the main objects of research. The objects of research are the museum, the preservation and scope of the products available to some residents.

The name, scope of application, equipment of masters of ancient products found during excavations are

considered. Ritual products resembling wood are considered religious beliefs of people who lived in that era.

For example, marking on wooden products, engraved drawings, household composition is a lot, paint colors are not a coincidence. The issue under consideration allowed analyzing the history of the study of the art of engraving and assessing the degree of their study, understanding, restoring old artifacts, as well as identifying the main problems and objectives of the study. The article describes in detail the arrangement of the ornament, the colors of the paint, the art of engraving, the material culture of the Kazakhs.

Keywords: the art of engraving, necropolis, symbol, chisel, composition, relic..

*Бекешов С.С.*¹*

*¹Кандидат исторических наук, доцент, МОК. Казахская головная архитектурно-строительная академия, г. Алматы, Казахстан.
E-mail: bekeshov_sarsen@mail.ru*

ПРЕДИСЛОВИЕ КОЧЕВНИКОВ К ИСКУССТВУ ДЕРЕВООРАБОТКИ И ГРАВИРОВКИ

Аннотация

В данной статье рассматривается материальная и духовная культура казахского народа, искусство деревообработки и резьбы по дереву. Археологи при раскопках древних захоронений Казахстана, наряду с различными хозяйственными изделиями того времени, встречали в поселениях декоративные изделия из камня, железа, бронзы, дерева. Приводит сведения о городах, относящихся к VI векам на территории Казах-стана. Исследователи считают, что расположение городов не всегда соответствует определенному порядку.

В ходе исследования были обнаружены деревянные захоронения, силуэты неизвестных нам хищников, напоминающие деревянные. Изделия из курганов Бесшатыр, Есик, Пазырык снаружи покрыты тонкой золотой чешуей.

Рассматривая как художника-исследователя в музеях Казахстана, дифференцируется расположение сохранившихся до наших дней деревянных изделий с имитацией, гравировкой, орнаментом.

В результате исследований археологов – жилища, некрополь, погребальные обряды, предметы быта, посуда, изделия, связанные с хозяйством, также являются основными объектами исследования. Объектами исследования являются музей, сохранность и сфера применения изделий, имеющих в распоряжении некоторых жителей.

Рассматриваются название, сфера применения, оборудование мастеров древних изделий, найденных при раскопках. Ритуальные изделия, напоминающие дерево, считаются религиозными верованиями людей, живших в ту эпоху.

К примеру, маркировка на деревянных изделиях, гравированные рисунки, бытовая композиция-это многое, цвета краски-не совпадение. Рассматриваемый вопрос позволил проанализировать историю изучения искусства гравюры и оценить степень их изученности, понять, восстановить старые артефакты, а также определить основные проблемы и задачи исследования. В статье подробно рассмотрены расположение орнамента, цвета краски, искусство гравировки, материальная культура казахов.

Ключевые слова: искусство гравировки, некрополь, символ, долото, композиция, реликвия.

Кіріспе. Жұмыстың зерттелу нысаны қазақ халқының ағаш өңдеу, ұқсату, оймыштау өнері ою-өрнек, ежелгі және орта ғасырін қамтиды. Осы күнге дейін сақталған ағаш бұйымдарды зерттеудің қазіргі кезеңде өтте өзекті мәселе деп қарастыруға болады, аталған дәстүрлі өнерінің генезисін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Орталық, облыстық, мектеп музейлерінде сақталған ежелгі жәдігерлер негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Өкінішке орай ағаштан жасалған бұйымдардың жойылып кетуіне байланысты, толық мәлімет айту қиындық туғызады.

Қазақстанның кейбір аймақтарында ағаш тапшылығы болса да, бұл өнерден қол үзіп қалған жоқ. Ағаш шеберлері қажетті шикі затты көрші елдерден алдырып, қайта өңдеп отырған. Қазіргі таңға дейін Қазақстанның барлық дерлік аймақтарынан „Алтын адам„ табылған, мүрденің жанынан ағаштан ұқсатылған бірен-сараң бұйымдар кездеседі, тіпті сол бекзадалар жерленген қорымның өзі ағаш конструкциядан тұрады. Қазақстанның кейбір аймақтарынан сақ зираттарында ақсүйектердің мүрдесін балзамдау мен мумиялау әдістарі болғаны анықталды.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қазақ жерінде ағаш шебері, ұста пайда болды, шеберлер күнделікті тұрмысқа қажетті сәндік бұйымдар, құлпыағаш, ағаш табыт, ат байлайтын бағандар, сәулет конструкцияның алғаш нышандары пайда бола бастады. Ғалымдардың

пайымдауынша қажетті ағаштарды көрші елді-мекендер жеткізілген деген пайымдаулар айтылады. Ағаш конструкция жөнінде К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев өз еңбектерінде арқау еткен.

Ағаштан ұқсатылған бұйымдарды көркемдеу әдіс белең алла бастады, қорымдардан табылған ат әбзелдеріндегі барельефті оймыштар, тегіс бір тілікті, бедерлі оймыштардың нұсқалары көруге болады. Сонымен қатар үй тұрмысына қажетті бұйымдар тостаған, ожау, шара, саптыаяқтарды бірен-саран түрлері сақталған.

Қазақстанның Орталық музейлерде сонымен бірге Қазақстан ғылым академиясының музейінде көне ағаш сәулеттік конструкциясының нұсқасын көруге болады. Бұл жәдігерлер қазақ мәдениеті туралы құнды мәлімет бере отырып, тәрбиелік мәні орасан деп айтуға болады. Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген музейлерінде ағаштан ұқсатылған жәдігерлердің сақталуы айтарлықтай жақсы емес. Әлі күнге дейін ағаштан ұқсатылған бұйымдардың атауы дұрыс емес, осы мәселені қолға алу қажет, тіпті оқулықтарда қателіктер өрбіп жүр. Кезек күттірмейтін мәселе, осы ағаш бұйымдардың көшірмесін алу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеушілер К.А. Ақышев, Г.А. Кушаевтар еңбектерінде көптеген көне ескерткіштер туралы, соның ішінде ағаштан ұқсатылған жеркепе, тұрғын үй, жайлар, қорымдар туралы айта келе, ағаштан жасалған конструкциясы туралы нақты деректер келтіреді. Атап айтсақ Бесшатыр, Есік, Берел, Пазырық қорымдарының сыртқы белгілері, бөренелерді бір-бірімен қиюластыру техникасы, ағаштарды тасу, өңдеу, кейбір қорымдарда ағаш оймыштау өнерінің қайсыбір түрлері кездесетіні туралы өз еңбектерін баяндап өткен.

Бесшатыр қорымда табылған бөренелердегі балта іздері көптеген мәліметтер береді, сол кездегі темір, қоладан жасалған ағаш өңдеуге арналған бұйымдардың жетілгенін аңғаруға болады, бұл дегеніміз ағаш оймыштау қарқынды дамуына жол ашады деген сөз.

Оған дәлел ретінде Есік қорғанынан табылған ағаштан ұқсатылған аң стиліндегі масқалар, ағаштан ойылған қошқардың басы, грифон, бұлан, жыртқышқа ұқсас белгісіз мүсіндер. Шеберлер тек ағаштан ойып қоймай, масқаларды жұқа алтын қабыршақпен қаптаған. Көне қорымдардан ағаш табыт, қима таған, сәнді ат әбзелдері, Ал Жетісу жерінде жүргізілген археологиялық қазба барысында қорымнан жайпақ табақтар, астау, ағаш ыдыстар табылған, сыртқы пішіндері өтте қарапайым, ешқандай көркемдеу, ою-өрнек белгілері байқалмайды. Көшпелілердің негізгі тіршілік көзі төрт-түлік мал, соның ішінде жылқы малы айтарлықтай орын алды, жылқының сүтін өңдеуге арналған шарушылық бұйымдар кездесетіні туралы ғалымдардың еңбектерінде айтылады.

Есік қорымынан археологиялық қазба барысында ғалымдар „Алтын ада,, жанынан ағаштан ұқсатылған тостаған, бүтін ағаштан ойылған қымыз сапыруға арналған кішігірім ожау табылғаны туралы айтылады. Көшпелілердің көшіп-қонуға арналған және ұрыс кезінде пайдаланған төрт және алты дігіршікті арбалар болғаны айтылады Геродот еңбектерінде.

Адам жерлеуге арналған қарапайым және көркемделген ағаш табыттар туралы ғылыми еңбектерде айтылады, оған мысал Берел қорымынан табылған бүтін кеспектен ойылған ағаш табыт, табыттың қақпағы өтте ұқыпты етіп жасалған және сыртқы пішін ерекше, осындай Қазақстан территориясында табылған адам жерлеуге арналған әр келкі болып келеді.


Талқылау. Сак-сармат дәуірінде ағаш оймыштау өнері Қазақстан территориясын мекендеген тұрғындар арасында одан әрі дами түсті. Ағаш бұйымдар негізінен тұрғын үй құрылыстары мен жерлеу ғұрыптарына арналған және тұрмысқа қажетті заттарда айрықша байқалған. Бұл кезеңнің қорымдарынан көп мөлшерде ағаш бұйымдар табылды. Оймыштардың небір үлгілері әсіресе жерлеуге арналған бұйымдарда кездесті. Мұны бүгінгі таңдағы археологиялық қазба жұмыстары да айғақтап отыр. Алдымен қорымдағы өңделген ағаш құрылысына тоқталайық... Солардың бірі ертедегі темір дәуірінде Қазақстан аумағында жер бетіне ағаштан салынған ежелгі сәулет - құрылыс өнерінің бірегей ескерткіштері болып саналған б.з.д. V ғасырларға жататын Бесшатыр қорымы. Бесшатыр қорымы сол кездегі ағаштан салынған күрделі құрылыстың бірі болып саналады [1].

Қорымның құрылысынан осы дәуір тұрғындарының ағашты ұқсатудың қарапайым түрін меңгергенін аңғарамыз. Мәселен, қорымды салуда пайдаланылған барлық бөренелердің бұтақтары мен бұдырлары тегістеп шабылып, қабықтары аршылған [2]. Шеберлер бөлменің қабырғасын, төбесін жабатын бөренелерді қиюластыру үшін оны мұқият өңдеп отырған. Бүкіл құрылысты мейлінше тұрақты ету мақсатымен бөренелердің жуан, жұмыр бастарын қарама-қарсы айкастырып, қиюына қарай өңдей білген. Сондай-ақ, қорымның бұрыштарын құрайтын бөренелерді де тығыз түйісетіндей қырлап, күмбездеп, кейде конус тәрізді етіп ұқсатқан [3], (1-кесте, г). Бесшатыр қорымын тұрғызуда шеберлер бөренелерді сүйрету, арқанмен қабырғаның төбесіне көтеру үшін оған керттік ойған. Керттік негізінен бөренелердің аяғы мен ортасын, ал өте жалпақтарында екеуден жасалған [4] (1-кесте, д).

Қорымның құрылыс техникасының қарапайымдығы бөренелерде сақталған құрал іздерінен айқын байқалады. Археологиядағы қосымша әдістің бірі микроанализ арқылы анықталады. Әдетте оны трасология деп те атайды [5]. Трасология еңбек құралының жоғарғы жағындағы тозған іздерін

микроскоп көмегі арқышы саралап, зерттейді. Табылған құрал-саймандардың екінші қайтара пайдаланылған іздері де осы әдіспен айғақталады (1- кесте, е).

Қазақстан жеріндегі қола және ерте темір дәуірінде ағаш ұқсатуды пайдалану мысалдары (үлгілері)



1-кесте. Қазақстан жеріндегі қола және ерте темір дәуірінде ағаш ұқсатуды пайдалану мысалдары (үлгілері)

а-қола дәуірі үйінің реконструкциясы, көлденең көрініс. Орталық Қазақстандағы Бөрібас сайы. Қазақстандағы қола дәуірі халықтарының тұрағы. А.Оразбаев, П.Агаповтардың реконструкциясы; ә - Суық Бұлақ реконструкциясы; б - тұрғын үй реконструкциясы. Бұғылы - 1.2; в - шағалалы қонысындағы құдықтар; г - Бесшатыр қорымы, б.з.д. VII - IV ғғ.; д - Бесшатыр қорымы, б.з.д. VII-IV ғғ. Кертіп ойылған сүйретпелер. Арқанмен оралған иш. Арқан үзіндісі; е - Бесшатыр қорымы, б.з.д. VII - IV ғғ. Балташылар құралдарының бөренелердегі іздер.

Бесшатыр қорымының құрылысында қолданылған құрал іздері осылайша сараланған [6]. Ағаш кесу, бөренелерді қысқарту және басқа да әрекеттер әдетте жүзі 5,5 см. болатын, тез мұқалатын ауыр қола балталармен орындалса, бөренелерді ұзыннан және тегістеп шабу үшін жүзінің жалпақтығы 4,5-5,2 см. болатын шаппа шоттар пайдаланылған. Ағаш шеберлері сондай-ақ үскі, қола шоттарды да қолданған. Зерттеушілер К.А. Ақышев, Г.А. Кушаевтар өз еңбектерінде Бесшатыр қорымындағы бөренелерді өндеуде пайдаланылған осындай жүзі бар балталар мен шоттардың іздері бүгінде Қазақстан мұражайларында сақталған балталар мен шоттардың жүзіне сәйкес келетіндігін жазады.

Ал Есік қорғанының құрылысын тұрғызуға пайдаланған бөренелерді қиюластыру үшін шеберлер оларды арнайы шауып отырған. Қабір қабырғасын құраған бөренелер бір-біріне көлбеу қойылған. Бөренелер ұшы бір-бірімен біте қиюластырылған. Демек, қабірдің батыс бөлігінің сол жақ бұрышындағы ұзыннан қаланған бөренелердің ұшы мен көлденеңінен қаланған бөренелер оң жақ бұрышында ұзыннан қаланған екінші қабырғаның ішкі жағынан қиюласады. Қабірдің шығыс жартысында да осындай әдіс қолданылған. Тек қабірдің бұрышында ғана қиюлысу реті керісінше болған.

Есік қорғанының құрылысын тұрғызуға пайдаланған бөренелерді шеберлер шауып, біріктіре қиюластырып жасаған. Қабір қабырғасын құраған бөренелер бір-біріне көлбеу қойылған. Бөренелер ұшы бір-бірімен байланыспайды, тек қана біте қиюлысады. Демек, қабірдің батыс бөлігінің сол жақ бұрышындағы бөренелер көлденеңнен қаланған. Қабірдің шығыс жартысында да осындай әдіс қолданылған, тек қабірдің бұрышында қиюлысу реті керісінше болған [7].

Сақ дәуірінің жерлеу ғұрпындағы ағаш оймыш өнерінің бүгінде б.з.д.V - IV ғасырға жататын Шығыс Қазақстан облысындағы Берел қорымынан табылып отыр. Берел қорымы Бұқтырма өзенінің оң

жағалауындағы биік таулы аңғарға, Ақбұлақ өзенінің Бұқтырмаға құяр мүйісінен орын тепкен Берел ауылынан Оңтүстік-Батысқа қарай жеті-сегіз обалардан құралған. Осы обаларды қазу барысында археологтар жерлеу ғұрпына байланысты аңдар мен аң мүшелерінің, грифондардың бейнесі безендірілген ағаш табыттар мен ат әбзелдерін тапқан. Оба үстіндегі қабірдің үсті бөрене сырықтармен тегіс жабылған, ал көрдің түбіне қалың әрі жалпақ самырсыннан шабылған үш қатар ұзынша тік төртбұрышты қима таған орнатылған. Осылай пайдаланылған бөренелер мен тақтайлардың кейбірі алдын-ала дайындалған. Қима тағаннан сәнді әбзелдермен көмілген аттың қалдығы да ұшырасқан.

Тағанның ішінде қойылған астау-табыт көп жылдық жуан самырсыннан тұтас күйінде ойылып жасалған. Үстіңгі жағы мұқият тегістеліп өңделген астау-табыттың төрт бұрышында құлақтар шығыңқы етіп шабылған. Беті қақпақпен жабылған ол да бүтіндей, тұтастай үңгіп, тегістеліпті.

Енді осы қима тағаннан табылған ат әбзелдеріне келетін болсақ, олар негізінен барельефті (аласа бедер) скульптуралық (ағаштан жасалған мүсін) әдістермен оймышталған, көптеген ағаш бұйымдармен безендірілген. Ағаштан тұтастай қошқардың басы ұқсатылып, сырты жұқа алтын қабыршақпен қапталған, мүйіздің сыртынан жапсарлас керткі оймышпен жүгеннің сулығы [8] және айылдың бөлшектері [9], ат - әбзелдің тағы бір бөлігі грифон, бұланның қарама-қарсы бедерленген ілдіргілер (2 - кесте, а) [10], он үш жылқының төртеуінің басында тау текенің ағаштан ұқсатылған мүйіздері мен әшекейденген тері маска болған (2 - кесте, ә). Масканың біреуі денесі мысық тұқымдас жыртқыш тәрізді имек құс тұмсықты, теріден жасалған ирек мүйізі және қанаты бар ағаштан ойылған барыс тәріздес грифонның көлемді мүсінмен безендірілген. Ат әбзелдерінде кездесетін образдарға құстар, таутекелер, арқарлар, мысық тұқымдас жыртқыштар кіреді (2 - кесте, б, в).

Сондай-ақ, сан-алуан жануарлардың қасиеттерінен түйінделген мысық тұқымдас аңның тұмсығы жыртқыш құс іспетті. Грифондарда бедерленген "аң стиліндегі" ат әбзелдерінің негізгі мазмұны аңдар айқасы. Мысық тұқымдас жыртқыштың бұғыға немесе тау текеге шабуы, өз құйрығын өзі қыршып жатқан грифон. Грифон аузында қос тұяқты жануардың басы бейнеленген [11].

Аңдар айқасының динамикалық экспрессивтігі көбіне олардың денелерінің 180°-қа бұрылуымен беріледі. (2-кесте, г). Бұлшық еттері нүкте, үтір сияқты белгілермен ерекшеленіп, қалыптан тыс үлкейтіліп берілген мүйіздері, ауызын арандай ашқанда ақсиган тістер және жойқын күшті тырнағы бар жыртқыштар бейнеленген (2 - кесте, д, е). Шеберлер ұнамды композицияларында симметриялық және геральдикалық бейнелеу принципін ұстанған, осы әдіспен жасалған сюжеттер ілдіргілер мен әшекейлерде жиі кездеседі.

Археологиялық қазба барысында табылған ағаш бұйымдарының арасында Пазырық ескеркіштерінен өзгеше әзірше белгісіз бөлшектерінің бар екендігін бүгінде обаларды арнайы зерттеген мамандар айғақтап отыр. Мәселен, мысық тұқымдас жыртқыш тұлғалы грифон мүсінінің басы имек тұмсықты, аузы доға тәрізді дәу бүркіт көзінің арт жақ тұсынан төменгі жақ сүйегіне дейін рельефті (бедерлі) оймышпен гүл жапырақшалары тәрізді "жағалақ" бедерленген, ал күжірейген желкесінде төбесінен шоқтығына дейін рельефті (бедерлі) оймышпен бұжыр-бұжыр айдар жалы кестеленген. Жапсырма құлағы ұзын жапыраққа ұқсайды, теріден жасалған мүйізі (әдетте, ол да, жапырақша алтынмен апталған тәрізді) желкесіне қарай қайырылған. Грифонның бүйірінде қанаттары бекіткен ойықтың ізі бар. Аталған жануарлар бейнелерін зерттеушілер оны шартты түрде "Бүркіт басты грифондар" тобына жатқызады [12].

Қабір ішіндегі жирен аттың ағаштан, алтыннан ұқсатылған әбзел әшекейлермен, маскамен тұтастай жабдықталуы Алтайда ертедегі көшпелілердің жерлеу, ас беру ғұрпын білдіреді. Ағаштан аса көркем жасалып, өте жұқа алтынмен апталған барлық бұйымдар күнделікті пайдалану үшін емес, арнайы жерлеу рәсімі үшін немесе марқұмның бақи әлемдегі қажеті үшін дайындалған-ау деуге әбден болады. Берел обаларынан табылған ағаш бұйымдарда көркемдеп бедерленген аңдардың немесе олардың дене мүше-лерінің мүсіндерімен қатар геометриялық және өсімдік тектес өрнектерімен оймышталған бұйымдар да кездескен. Сақ-сармат дәуірінің ағаш шеберлері ағаштан күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдарды да жасай білген. Мәселен, Жетісудың жоғарыда аталған кезеңіндегі обаларынан жайпақ табақтар, астау түріндегі ағаш ыдыстар табылған [13].

Ерте темір дәуірінің тұрғындары сондай-ақ, ағаштан сүт құятын ыдыстар, ағаш тостағандар, табақша, кеселер және үй ішінің басқа да керек-жарақтарын жасады. Ағаштың қабықтарынан зооморфтық және өсімдік бейнелес күрделі өрнектер қиып, олардан ер-тоқымдар, ағаш табыттар, жебе салынған қорамсақтар, әр түрлі қышқаптар әшекейленді [14].

Сондай-ақ, бүгінде дүние жүзіне мәлім Есік қорғанынан сақ жауынгерінің қабірін қазу барысында отыз шақты ыдыс-аяқтар, ожау табылды. Ыдыс-аяқтар негізінен балшықтан, темірден және ағаштардан ұқсатылған. Ағаш бұйымдардың ішіндегі бүгінде бізге белгілісі күнделікті тұрмысқа қажетті ожау мен бүтін ағаштың ұрығынан жонылған ернеуі ішіне қарай иіліп ұқсатылған кішігірім тостаған. Қорғаннан табылған тостағаннан байқалатыны оны шебердің жалпақ ақ қайыңды табиғи әсемдігін, түсін жоғалтпай

мұқият өндеп, сәндегендігі [15]. Әйтсе де, тостағандар (6 дана) жақсы сақталмаса да, жекелеген ірі бөлшектерін құрастыру арқылы пішіні мен көлемі толығымен қалпына келтірілген. Бұл ыдыстардың түбі саяз, ернеуі сыртына қарай төмен қайырылған, қабырғалары биік емес және көлбеу ұқсатылған. Қабырғасының қалыңдығы - 1,3 см., тостағанның биіктігі - 4,0 см., ернеуінің диаметрі - 18 см. Тікбұрышты қабырғалары онша биік емес, сыртына қарай қиғашталған ыдыстарға келсек, қайыңнан ұқсатылған олардың үлкендерінің көлемі 67,5 x 37,5 (2 - кесте, ж), шағын түрлері 46 x 29 см, ыдыс қабырғасының биіктігі 3 см. Бас жағы опырылып сынған ожаудың ернеуі жоғары қарай қайырылған, бүйірі шығыңқы болып келеді, түп жағы тостағанға ұқсап ойылған. Ожаудың сабын бекіту үшін ернеуінен сәл төменірек тұсынан әдейі саңылау қалдырылған. Ожаудың сабын бірнеше қайтара айшықтап, жұмыр етіп жонған (ұзындығы 25 см). Айшыкталып шабылған сабы ұстауға өте ыңғайлы (2 - кесте, 3). ернеуі мен бүйірі - 9,5 см, биіктігі - 5,7 см, қабырғаның қалыңдығы - 1 см, түбінің қалыңдығы - 3,2 см, сабының тілгендегі қалыңдығы -2.5 см [16].

Сақ дәуірінің көшпелі тұрғындары көшіп-қонуға және ұрыс кезінде ыңғайлы төрт және алты дігіршікті арбалар пайдаланған. Осындай арбалардың тасқа қашаған нобайлары бүгінде Қаратау жотасы мен Көксу өзені етегінде белгілі болып отыр [17]. Сақ - скифтердің (Аргиппейлердің) тұрғын үй түрі туралы бірлі-жарым мәліметті Геродоттың еңбектерінен кездестіреміз [77]. Көріп отырғанымыздай, скифтердің алып жүретін тұрғын үйінің құрылысы қазақтардың жаппасы (күркесі) сияқты қарапайым болған. Жалпы, Геродоттың келтіріп отырған тұрғын үйі Академиялық аулармаларда "кибитка", (күймелі арба) деп аталып, алып жүретін тұрғын үйдің түрі осылай сипатталады.


Ағаш оймыштардың көркем үлгілері ғұрыптық салт-дәстүрлерде көрініс тапқан, оған мысал өлген адамдарға, әсіресе оның көсемдеріне арналған ағаш табыттар дәлел бола алады. Археологиялық қазба барысында Башадар, Пазырық, Берел, Қотанды қорымдарынан анықталып отыр. Енді осылардың ішінде өнер тұрғысынан оймыштардың жарқын үлгісі болып табылатын Башадар қорымына тоқталайық. Бұл қорымнан ер мен әйелге арнап жасалған ағаш саркофагтар (астау табыт) табылды.

Саркофагты самырсын ағашының қалың дөңбегінен екі жақ тұмсығын бөрінің екі жақ тұмсығын бөрінің басына ұқсатып ойған. Оның жоғарғы жиегін текемет өрнекті жұқа киізбен шырғалап, мыс шегемен бекіткен. Саркофагтың бет жағына бірінің соңынан бірі шұбырып келе жатқан төрт жолбарыстың және мертігіп жатқан бұланның сұлбасын әдемі накышпен оюлап түсірген. Саркофагтың қақпағы да осы сюжетте орындалған (бірінің артынан бірі шұбырған төрт жолбарыс, олардан үріккен екі қабан, үш арқар, екі бұлан). Осылардың бәрі самырсын ағаштың шағын бетіне жолақты түрде түсірілген. Жануар-ларды реалистік нақты пропорцияларын сақтап қашап бейнелеген. Жолбарыстың тарғыл түсін, оның ақсиган аузын, жымыған құлағын, арқар мен бұланның момақан мінезін ағашқа ойып түсіру осы күнгі шеберлердің өзін тандай қақтырады. Башадар өнерінің үлгісіндегі айрықша назар аудартқан ондағы ою-өрнектер, түрлі әдісте орындалған оймыштар болды (3-кесте, а). Мұнда жиі кездесетін геометриялық үлгідегі мотив, қошқар мүйіз, зооморфтық үлгілер (арқардың, бұғының, таутекенің, бөрінің басы, қыран құстың, құмайдың тұяғы, басы және космогониялық өрнектердің көбі қазақтың халық өнерінде әлі күнге дейін сақталған [18].

Осы ұқсас ағаш табыттар Пазырық қорымынан да табылды. Алғашқы екі Пазырық қорғанынан ұшырасқан саркофагтар мен олардың қақпақтарының сыртқы жас қайыңнан алынған қабыршақтар көлбеу бағытта крестеліп (айқышталып) жүргізілген. Сонымен қатар бірінші қорымда саркофагтың жоғарғы беті теріден ойылып, қораз бейнесі накышталса, екінші қорымдағы саркофагтың беті жүтірген бұғы бейнелері накышталған [19].

Б.з.д. III ғасыр - б.з. III-IV ғасырлардағы үйсіндердің күнделікті тұрмыстарында пайдаланған ағаш ыдыстары Жетісудағы Ақтас-1 обасынан табылып отыр. Бізге жеткен ағаш бұйымдарынан тамақ ішетін ыдыстар, ағаштан (көбіне қайыңнан) ойып ұқсатылған тағандары бар шағын табақтар, текше тостағандар еді. Текше тостағандар екі түрлі: аласа (биіктігімен диаметрі бірдей) және биік болады. Тұтқалары ілмек тәрізді немесе шығыңқы етіліп, бүйірінің ортасына немесе ернеуіне биік болып бекітіледі. Текше тостағандардың тұтқалары бүйірінің тұсынан орын алған (2-кесте, к, л)


Сақ-сармат дәуіріндегі ер-тұрман (ілдіргілер), мүсіндер және ыдыс аяқтар



2-кесте. Сақ-сармат дәуіріндегі ер-тұрман (ілдіргілер), мүсіндер және ыдыс-аяқтар
 а - ілдіргі, Берел; ә - қошқардың бас бөлігі, Берел; б, в – жолбарыстың бас кейпі, Берел; г – аңдар айқасы бейнеленген ат әбзелінің бөлішегі, Берел; д, е – грифондар, Берел; ж – астау, Есік қорғаны; з – ожау, Есік қорғаны; к – текше тостаған, Жетісудағы Ақтас – I қорымы; л, м – саптыаяқтар, Жетісудағы – I қорымы.

Б.з.д. II-ғасырларда өмір сүрген Қаңлы мемлекетінің байырғы территорияларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары бүгінде бірнеше қоныстарды анықтап отыр. Соның ішінде ең жақсы зерттелгені Сырдарияның сол жақ жағалауына орналасқан Ақтөбе қонысы. Бұл қоныста сарайға өліктер жерлеген кешен назар аударды. Қаңлылар да өлген адамды жерлеуде сақ-сарматтардай салт-дәстүрді ұстанған, өлген адамның қасына оның тіршілікте тұтынған бұйымдары, керек-жарақтары бірге көмілген. Археологтар осы қорымнан ағаштан ұқсатылған екі ыдыс, қорамсап, садаққа арнап ағаш қабығынан жасалған қап, сүйекпен әренген ағаш садақтар тапқан [20].

Ағаш оюдың бірыңғай үлгісі біздің заманымыздың I-IV ғасырларына жатқызылатын Ақтөбе қонысынан табылған ағаш табыттан да байқалды. Ұзындығы - 2,1 метр, ені - 60 см болатын қарапайым ағаш табыт төменгі Еділ бойында кездесетін сармат обасымен сарындас. Ағаш табыт төрт бағанды, жоғарғы және төменгі жақтаулары қосылған, аралары тігінен қойылған алты жалпақ тақтаймен бекітілген. Табыттың жоғарғы бөлігіндегі босағалары жеңіл шеңбер тәрізді етіп жай оймышпен бедерленген (3-кесте, ә) [21]. Аталған кезеңге қатысты ағаш табыттың тағы бір түрі Тарбағатайдың теріскейінен де табылды (3-кесте, б) [22].



3- кесте. Жерлеу ғұрыптарына байланысты ағаш бұйымдар.

a - ағаш табыт, *II* – Башадар қорымы, *2* – ағаш табыт, Шардара су қоймасы, Ақтөбе қонысы; *ә* – ағаш табыт, Тарбағатай; *в, г, д, е* – құлпы ағаштар, Батыс Еуропа, Венгрия территориясында; *ж, з* – бейіт басында ат байлайтын бағандар, XIX ғ. Шығыс Қазақстан; *и, к* – бейіт басында ат байлайтын бағандар, якуттар; *л* – бейіт басындағы ат байлайтын бағандар, хақастар; *м* – бейіт басында ат байлайтын мама ағаштар, алтайлықтар.

Сонымен ағаш бұйымдарын оймыштаудың небір үлгілері осы сак-скиф дәуірінде дүниеге келген. Күні бүгінге дейін сақталып, бізге жеткен жерлеу ғұрыптары үшін жасалған ою-өрнек пен оймыш түрлерінен ағаш оймыштаудың біршама дамығандығын көреміз.

Көшпелі халықтың "аң стилі" деп аталған өнері әлемдік мәдениет тарапынан жоғары бағаланды. Аталған кезеңде ағаш бұйымдарындағы ою-өрнек түрлері мен оны өңдейтін құралдар да айтарлықтай жетіле түсті.

Қорытынды. Қазіргі таңда музейлер қорларында ықылым заманнан бігінгі дейінгі ағаш жәдігерлер сақталған. Қазақстанның әр аймақтарынан жүргіліген археологиялық, этнографиялық экспедиция кезінде табылған көне жәдігерлер қойылған. Табылған жәдігерлерді ғалымдар зерттей келе Қазақстан жерінде мекендеген адамдардың тұрмысы, шаруашылығы сонымен бірге ғұрыптық ескерткіштер мәліметтерге қол жеткізіп отыр. Мақалада қазақтың дәстүрлі ағаш бұйымдардың ұқсатылуы, оймыштау өнеріне кеңінен тоқталдық. Сонымен қатар, кейбір ағаш бұйымдардың фото суреттерімен толықтырдық. Халқымыздағы ағаш ұқсату өнері бүгінгі таңда біршама үзілістен соң қайта жаңғыруда. Сол себепті бұл мәселені қазақтың қолданбалы өнер жүйесінде кешенді зерттеуге мол мүмкіндік туып отыр.

Біздің зерттеуіміз ағаш оймыштау өнерінің қазақ халқы тарихының жарқын беттері екенін көрсетті. Ағаш оймыштау өнеріндегі образдар, олардың шығу тектері, типологиясы алдағы уақытта жалпы ғылыми, мәдени міндеттерді шешуге, тарихи-мәдени мұраларды сақтауға, халық өнерін қолдану мен насихаттауға үлкен ықпал етпек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Акишев К. А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней. долины реки Или. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1963. -298 с. с илл. (35).
2. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (35).
3. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (83).

4. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (81).
5. Коробкова Г.Ф. Орудия труда и хозяйство неолитических племен Средней Азии. - Л.: Наука, 1961. - 216с. с илл. (14)
6. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или... (84)
7. Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. - М.: Искусство, 1978. — 132 с. (15).
8. BEREL - Берел. Альбом. /Самашев З., Базарбаева Г., Сунгатай С., Жумабекова Г. - Алматы: Комплекс, 2000. – 56 с. (20-30).
9. BEREL-Берел. Альбом... (20-30).
10. Самашев З., Жумабекова Г., Сунгатай С. Ежелгі берелдіктердің гажайып мәдениеті //Қазақ тарихы. 1999. № 2. – 57-64 бб.
12. Самашев З., Жумабекова Г., Сунгатай С. Ежелгі берелдіктердің гажайып мәдениеті...
13. BEREL-Берел... (44-48).
14. BEREL-Берел... (42-43).
15. Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата: Жалын, 1979. - 250 с. (112).
16. History of Kazakhstan. Five volumes. Almaty: Atamura, 1996. 1 vol. – pp. 224-225.
17. Акишев К.А. Курган Иссык... (31).
18. Акишев К.А. Курган Иссык... (117).
19. Новоженев В.А. Наскальные изображения повозок Средней и Центральной Азии. Алматы: Аргументы и Факты Казахстан, 1994. - 268с. (29-39).
20. Геродот. История в девяти книгах... (193).
21. Руденко С.И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. Д.: АН СССР, 1960. - 360 с. (22-52).
22. Грязнов М. Пазырыкский курган. М.-Л: АН СССР, 1937. - 44с. (11-12).

References:

1. Akishev K. A., Kushaev G.A. Ancient culture of Saks and Usuns. the valley of the Ili River. Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1963. – p 298. with fig. (35).
2. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River Valley ... p 35.
3. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River Valley... p 81.
4. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River valley ... p 81.
5. Korobkova G.F. Tools and economy of the Neolithic tribes of Central Asia. L.: Nauka, 1961. –p 14.
6. Akishev K.A., Kushaev G.A. Ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River valley... p 84.
7. Akishev K.A. Kurgan Issyk. The art of the Saks of Kazakhstan. M.: Art, 1978. — p 132.
8. BEREL - Berel. Album. /Samashev Z., Bazarbayeva G., Sungatai S., Zhumabekova G. Almaty: Complex, 2000. – p 56.
9. BEREL-Berel. Album ... pp 20-30.
10. Samashev Z., Zhumabekova G., Sungatai S. amazing culture of the ancient berelites // history of the Kazakh people. 1999. № 2. - pp. 57-64.
12. Samashev Z., Zhumabekova G., Sungatai S. amazing culture of the ancient berelites // history of the Kazakh people. 1999. № 2.
13. BEREL-Berel... pp 44-48.
14. BEREL-BEREL... pp 42-43.
15. Agapov P., Kadyrbayev M. Treasures of ancient Kazakhstan. Alma-Ata: Zhalyn, 1979. - p 112.
16. Kazakhstan tarikhs. Imp tomdyk. Almaty: Atamura, 1996. 1 vol. – pp. 224-225.
17. Akishev K.A. Kurgan Issyk... p. 31.
18. Akishev K.A. Kurgan Issyk... p 117.
19. Novozhenov V.A. Rock carts of Central and Central Asia. Almaty: Arguments and Facts Kazakhstan, 1994. – pp. 29-39.
20. Herodotus. History in nine books... p 193.
21. Rudenko S.I. Culture of the population of the Central Altai in the Scythian time. D.: USSR Academy of Sciences, 1960. – pp. 22-52.
22. Gryaznov M. Pazyryksky kurgan. M.-L: USSR Academy of Sciences, 1937. – pp. 11-12.